

*Джабулова Жамал*

**АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖОҚТАУ ЖАНРЫНЫҢ КӨНЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ  
МАҒЫНАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ**

*Джамбулова Жамал*

**СМЫСЛОВАЯ СВЯЗЬ МЕЖДУ ДРЕВНИМ И СОВРЕМЕННЫМ УСТНЫМ  
ЛИТЕРАТУРНЫМ ЖАНРОМ «ОПЛАКИВАНИЕ»**

*Dzhambulova Zhamal*

**THE SENSE CONNECTION BETWEEN ANCIENT AND MODERN ORAL LITERATURE  
GENRE «MOURNING»**

УДК: 894345(0433)

*Объектом статьи является древнее и современное песнопение-оплакивание. Автор использует сравнительно-типологический метод, анализирует художественные образы "оплакивание", способы проявления эмоционального состояния человека в минуты горя и утраты. В заключение следует отметить что объект статьи имеет глубокий философский смысл, е связи с этим познавательно и интересна.*

Қазақ халқының көне заманнан келе жатқан салт дәстүрінде: ауыз әдебиетінде жоқтау шығару елеулі орын алған. Мәңгілік пенде болмайтындығына қарағанда біз, бәріміз осы жоқтаумен, азалы күндермен ара-кідік кездесіп қалатынымыз хақ. Осыған мысал ретінде күні кеше дүние салған әжемнің, жылдық асына арнауы:

Жыл толыпты сіз өмірден өткелі  
Мынау жалған осындай ғой өтпелі.  
Есімізге дидарыңды салады,  
Туған жердің жазы менен көктемі.  
Шәмиля бар еді ғой қасиетің,  
Құлақта мәңгі тұрар өсиетің.  
Артында ұрпақ болып тұқым қалды.  
Құрмет қып әруағыңа бас иетін.  
Еске алып ұл-қыздарың сағынада,  
Алланың салғанына бағынады.  
Иманды қып "Пейіштен орын бер"-деп,  
Ұрпағың мінәжат қып жалынады.

Бұл заманауи жоқтаудың да, сонау көне заманнан келе жатқан жоқтаудың да, үлкен бір моральдық миссиясы бар. Өз басымнан өткен қайғы, мұң-шер болғандықтан, жоқтаудың - қайғыны басатын, қазаға аса лайықты қаралы салтын бірегей түрі екеніне көзім жетті. Сонымен қатар жыл бойына созылатын жоқтаудың негізгі міндетті - елген адамның қоғамдағы алған орнын дәріптеу, көрсеткен еңбегін құр жалаң тізіп шығу деген жадағай ұғымынан анағұрлым тереңде жатыр.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші ғалым Сартқожа Қаржаубай «Орхон мұралары» атты еңбегінде көне түріктердегі адам олімі жайлы, өлікті рәсімдеу жайы мен жерлеу ғұрпына қатысты төмендегідей деректер берген. Тұғыр дерек, 1; -дей келе, «...өлген адамның денесі киіз үйге жайғастырылады. Бабалары, немерелері және туған-туыстарының еркек-әйелі жиналып асына жылқы, қой сояды. Етін киіз үйдің алдына жайып қояды. Құрбандық малын алып келеді. Ат үстінде киіз үйді жеті айналып шыққаннан кейін, үйге кірерде беттерін пышақпен тіліп, дауыс қылады, қанды жас ағады. Осылайша жеті рет қайталап барып тоқтайды. Содан кейін белгіленген күні аруақтың (өлген адамның) тірісінде әзі мініп жүрген өздік атын, тұтыңған затын мүрдемен бірге өртейді. Күлін жинап алып, арнайы керсетілген жылдың сәтті күні молаға көмеді. Күзде және қыста өлген адамды ағаштар мен өсімдіктердің жапырағы сарғайғанда немесе түсе бастағанда, ал көктемде, жазда өлген адамдарды гүл бүршік жарабастаған кезде жерлейді. Өлген адамның туыстары жерлейтін күні, өлген күніндегідей құрбандық ұсынады. Атпен шапқылайды, бетгерін жыртады. Бейіттің жанына тұрғызған тамның ішіне өлген адамның бет-бейнесін сызыш қояды. Оның тірі кезінде қатысқан жорықтары баяндалған суреті сызылып қойылады» [2,286].

Қазіргі түрік фольклорының танымал зерттеушісі профессор Ибрахим Кафесоглы өз еңбегінің «Бабалар культі» деп аталатын бөлімінде көне түріктердің о дүниеге аттанған үлкендерге тағзым етуі тек қана тұрмыстық-ғұрыптық дәрежедегі көрініс емес, одан анағұрлым кең мағынада, «әке - ата құқығы» шеңберінде де көрінген және орындалуы міндет «зандық акт» мағынасына да ие болғанын айтады. «Орта Азия мен Солтүстік Азия түрік ру тайпалары, оның ішінде Азия Хұндары, Табғачтар және Көк түріктер өздері «қасиетті үңгір» деп есептейтін молаларға барып тәу етіп, дұға оқыған. Көне түріктер үшін ата-бабасы мәңгілік мекен еткен үңгірлер киелі, сакральдік мәнге ие, оны қорлаған яки қандай да бір зиян келтірген адамдар ауыр жазаланып отырған. Атилла батырдың бірінші Балқан жорығына шығуының (соғыс жариялау, автор.) негізгі себебі Византияның

Маргос есімді попының Хұн елінің ақсүйектері жерленген молалардың бетін ашып, бейіттерді тонап, қорлағаны болып табылады» деген дерек келтірген [4; 291].

«Өлу» етістігі қазақ және жалпытүркілік лексика қатарындағы түркізм болып табылады. Бұл уәжімізге дәлел ретінде Махмұт Қашқаридың атақгы «Диуани лұғат ат түрк» еңбегін алға тарта аламыз. Танымал түрік түркологы Бесим Аталайдың редакторлығында жарияланған еңбекте «өлу» етістігіне байланысты мынадай деректер кездеседі: «өлседі; - ол азамат өлгісі келді (өзіне қол салғысы келді)», «өлүтседі; -өлуді қалады» [5, 278, 303].

Сонымен қатар мына бір деректерді де дәйекті мәлімет қатарына жатқыза аламыз: «өлдүрмек: ол огрыны өлдүрди; -ол оны елтірді», «өлүк; -өлі, өлік» [8; 90, 96]. «Нап Кагап пісе ағатауауіп, пісе Бигіатауауіп, оғиШа огіасит уок кагіазға кадегіт уок, АНah T'ala теі кағсауир<Зиг, Біşier іahіит ісші ағІагаг, Біг řit oia сійзет oіet үіштеіе уигсіітсіа кітзе кайтауа... Хан Казан, как мне не плакать, как не рыдать? У меня нет сына, я лишен помощи сына, нет брата нет мощи! Всевышний меня проклял. Беки, о своем венце, о своем троне я плачу. Настанет день, я паду мертвым, Никого не останется в моих владениях... » (асты сызылған сөздер «өлу» етістігі, Е.Е.) [6; 16].

Түркі халықтары, оның ішінде, әсіресе қазақ халқында өліге деген құрмет ерекше орынға ие болған, өлікті соңғы сапарына шығарып салу мен жерлеу рәсімімен қоса, уақыт өте келе ара - кідік өлген адамды еске алып, туған туыстары мен көрші-қоландарына ас беруі қазақтың сонау көне заманнан алып келе жатқан үлкен моральдық миссияларының бірі екендігі хақ. Өлікті ұлықтау - әрбір халықтың өзіне тән ерекшелігі мен діңіне байланысты десек, бұл дәстүр түркі жұрттарында қашанда елеулі мәнге ие болған. Әлеумет іші мұндай сана мен салт-дәстүр олардың ауыз әдебиетінде мәнді де мағыналы жеке бір жанрдың қалыптасуына әсер еткен. Көне заманнан келе жатқан күллі түркі жұртына, оның ішінде алабөтен қазаққа жақш және өзінен кейінгі әдеби культті қалыптастыруда айтарлықтай орны бар шығармалардың ішінен «Қорқыт Ата» дастанының алатын орны ерекше. Себебі, «Қорқыт Ата» өзінің көлемі, сюжеттік құрылымы және жанрлық ерекшелігі тұрғысынан алғанда «адам өлімін болдырмау», «мәңгілік өмір іздеу» сияқты философиялық сарынды мол сінірген, ауқымды шығарма болып табылады. Дастанда адамның бұ дүниедегі өмірі қандай айшықты, жарқын персонаж, тип, символдармен беріліп отырса, о дүние де қараңғы, суық, сұрықсыз образдармен суреттелген. Ал Қорқыт атаның «өлімсіз», «жанға жайлы мәңгілік жер» іздеуі адам баласының арманынан туындаған. Сол кезең ақын жыраулардың өмірге деген көзқарастарының ізгілік, өлім мен өмір тайталасы тұрғысында ойлап саралаулары анағұрлым ілгері болғанының дәлелі іспеттес.

Ойымды қортындылай келе: адамның тұрмыс тіршілігінде, өмірінде шаттық, қуаныш, ойын күлкі қандай елеулі болса, қайғы, мұң-шер де сондай елеулі орын алған. Бұл екеуін де халық өзінің әдебиетіне қосып бейнелеген. Бірінде шаттық, қуаныш жырын төксе; екіншісінде қайғы-қасірет, күйініш-шерін шерткен. Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең,-дейтіні осы жағдайды көргендіктен айтылған [1, 69]. Жоқтау - өлген адамды жоқтап, жаппай жылапсықтау кезінде жеке кісінің сол қазаға байланысты жан-дүниесін, рухани күйзелісін білдіру үшін айтылады. Ғасырдан - ғасырға жалғасып келетін, мағынасы жағынан «жоқтау» барлық түркі халықтарына ортақ дерлік әдеби жанр, қай заманның болмасын, поэзияның бір арнайы саласы, қала берді фольклорлық-ритуалдық халықтық дәстүр десе де болғандай.

#### Сілтеме жасалған әдебиеттер тізімі:

1. М.Ғабдуллин, Қазақ халық ауыз әдебиеті. «Мектеп», Алматы -1974
2. Қаржаубай Сартқожа. Орхон Мұралары. Күлтегін баспасы, Астана-2003.
2. Таіаі Текіп. Орһон Үазітіагі. Sіmurg, Іstanbul - 1998.
3. Іbragіm Kafesogіa. - 1988.
4. Besim Atalay. Divanu Lugat – it Turk. Cіtt. Ankara. - 1998.
5. Ш.Ібраев. Поэтика огузского героического эпоса. «Гылым», Алматы - 1997.
6. С.Ахаллы. Махмуд Кашгарының сөзлүгі ве түркмен ділн. Түркменстан ССР Ылымлар академиясының нешрияты. Ашгабат - 1958.

Рецензент: д.филол.н., профессор Байгазиев С.Б.